

Ж. Дамыс, 2-курс
Ғылыми жетекшісі: Л. Т. Кинжебаева, тілдер кафедрасының оқытушысы,
филология магистрі
(Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай академиясы)

МӘҢГІЛІК ЕЛ - МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

Қазақ тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобына кіреді. Қазақ тілі ең көне бастауын әр кездегі ежелгі түрік жазулары ескерткіштерінен Талас-Орхон-Енисей жазулары V-VIII, Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» еңбегі, Қожа Ахмет Яссауидің «Хикметі» тұсындағы жазулардан алады.

Қазақ жазуы 1929 жылға дейін араб графикасын, ал 1929-1940 жылдары латын графикасын қолданған. 1940 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін орыс графикасын қолдануда.

Қазақ тілі әлемдегі алты мыңға жуық тілдердің ішіндегі қолдану өрісі жағынан жетпісінші, ал тіл байлығы мен көркемдігі, оралымдығы жағынан алғашқы ондықтар қатарындағы тіл. Сондай-ақ ол дүние жүзіндегі ауызша және жазбаша тіл мәдениеті қалыптасқан алты жүз тілдік және мемлекеттік мәртебеге ие екі жүз тілдің қатарында тұр.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында «Қазақ тілі бүгінде ғылым мен білімнің, интернеттің тіліне айналды. Қазақ тілінде білім алатындардың саны жыл өткен сайын көбейіп келеді. Еліміз бойынша мемлекеттік тілді оқытатын 57 орталық жұмыс істейді. Олардан мыңдаған азаматтар қазақ тілін үйреніп шықты, әлі де үйренуде. «Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды! Оны даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйтқысы ете білгеніміз жөн» деп айтқандай ана тілі ең басты байлығымыз. Қазақ тілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Әрбір Қазақстан Республикасының азаматына оны білу міндетті және парызы болып есептеледі. Тіл ұлттың жаны. Ал ұлттың болашағы оның ана тілінде. Тіл халықпен бірге өмір сүріп дамиды. Мемлекеттік тіл мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық салаларында қолданылатын болғандықтан, жүргізілетін барлық іс-қағаздары мен құжаттар мемлекеттік тілде болуы тиіс. Өйткені өркениетке құлаш ұратын елдің өрісі қашан да білікті ұрпақпен кеңеймек. Біздің еліміз қазақ елі болғандықтан, мемлекеттік тіл де қазақ тілі. Бұл Ата заңымыз Конституциямыздың 7-бабында «мемлекеттік тіл қазақ тілі» деп көрсетілген. Сондықтан да мемлекет өз тілін сақтап, оның қолдану өрісін кеңейту үшін қолдан келгеннің бәрін жасау керек.

Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы. Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді барынша дамытуға; оның халықтық беделін нығайтуға; ана тілін сақтауы және дамытуы үшін көмек көрсетуге міндетті.

Қазақстанда тұратын жүзден аса ұлт өкілдері Қазақстанның халқын, соның ішінде қазақ халқының тұрмыс-әдебиетін, әдет-ғұрпын, мәдениетін, әдебиетін, тілін білуі міндетті.

Республикамызда мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту бүгінгі таңдағы өзекті мәселе. Тәуелсіз Қазақстанда тіл мәселесіне айтарлықтай көңіл бөлініп келеді. Өйткені тіл біздің ана тіліміз туымыз, Елтаңбамыз, әнұранымызбен қатар біздің елділігіміздің басты белгілерінің бірі болып табылады. Мемлекет болған жерде оның мемлекеттік тілі де болуы керек.

1997 жылы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы қабылданғаннан бері қарай Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып қазақ тілі белгіленеді. Осы Заң Қазақстан Республикасында тілдердің қолданылуының құқықтық негіздерін, мемлекеттің оларды оқып үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі міндеттерін белгілейді, Қазақстан Республикасында қолданылатын барлық тілге бірдей құрметпен қарауды қамтамасыз етеді. Бұл туралы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңының 4-бабында көрсетілген: Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі қазақ тілі. Мемлекеттік тіл мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі болып табылады.

Қазақстан Республикасында қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қызмет етуінің бірнеше алғышарты бар. Атап айтқанда, сол тілді қолданушылардың санының жеткілікті болуы, табиғи және табиғи емес тілдік ортаның болуы, республиканың барлық аймақтарына таралуы, қоғамдық өмірдің әр алуан саласында қызмет етуі және ауызша әрі жазбаша түрде қызмет етуі сияқты сыртқы факторлардың болуы, сондай-ақ қазақ тілінің құрылым жүйесі жетілген, лексика фразеологиялық қоры аса бай, ежелден келе жатқан жазба және ауызша дәстүрі бар ұлттық тілдердің бірі ретіндегі ішкі тілдік факторлардың болуы қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қызмет етуіне мүмкіндік береді.

Мемлекеттік тілдің қоғамдық қызметі қоғамдық өмірмен аса маңызды мынадай салаларда жүзеге асады: басқару, ақпарат, білім беру мен тәрбие ісі, ғылым мен техника, қоғамдық ғылымдар, жаратылыстану мен нақты ғылымдар, техникалық және қолданбалы ғылым, экономика саласында, бұқаралық ақпарат құралдар саласында, іс жүргізу саласында, дипломатиялық қарым қатынаста, өндіріс және ұйымдарда, Қазақстан Республикасында өтетін республикалық, халықаралық құрылтай, конференция, жиындар және тағы басқа.

Халық тәуелсіздігінің ең басты белгісі оның ана тілі, ұлттық мәдениеті. Өзінің ана тілі жоқ ел өз алдында мемлекет болып өмір сүре алмайды. Елбасымыз айтқандай «Қазақстанның болашағы — қазақ тілінде». Тіл байлығы әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Демек, әр азамат ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға міндетті.